

**Қостанай аудандық мәслихатының және Қостанай ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 12 шілдедегі № 321/36 "Затобол кентінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы" бірлескен шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай аудандық әкімдігі мен мәслихатының 2014 жылғы 29 шілдедегі № 514/218бр бірлескен қаулысы мен шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 қыркүйекте № 5057 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 392 және Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 544 бірлескен қаулысымен және шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 17.07.2020 № 392 және Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 17.07.2020 № 544 бірлескен қаулысымен және шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай аудандық мәслихатының және Қостанай ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 12 шілдедегі № 321/36 "Затобол кентінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы" бірлескен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-41 тіркелген, 2006 жылғы 21 шілдеде "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "п. Затобольск" деген сөзі тиісінше "поселка Затобольск" деген сөзбен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабына, Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**;

мемлекеттік тілдегі 2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"2. Мичурин ауылдық округінің жерінен көлемі 15,7 гектар жер учаскесі, оның 14,9 гектары - табиғи жайылым, 0,8 гектары - орман алқабы."

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

\_\_\_\_\_ Т. Исабаев

Қостанай аудандық мәслихатының

кезекті сессиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Есментев

Қостанай аудандық

мәслихатының хатшысы

\_\_\_\_\_ А. Досжанов